

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Санат,2007.-360 бет.
- 2 Мақырұлы С. Адамтану өнері. Филология факультетері студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: Арыс,2009.-214 бет.
- 3 Моэм В.С. Записные книжки//Литературное обозрение.-1999.-№4
- 4 Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі сөздігі. 9-том. Алматы: «Арыс» баспасы,200.ж.- 764 - бет.
- 5 Мұртаза Ш. Соғыстың соңғы жесірі. Алматы: Атамұра,2003.-261 бет.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы.10-том. Алматы : «ҚазАҚПАРАТ»баспасы, 2005ж.-528бет.

References:

1. Qabdolov Z. Söz öneri.- Almaty: Sanat,2007.-360 bet.
2. Maқыrұly S. Adamtanu öneri. Filologia fakülteteri studentterine arналған оqu құraly.-Almaty: Arys,2009.-214 bet.
3. Moem V.S. Zapisnye knijki//Literaturnoe obozrenie.-1999.-№4
4. Qazaq ädebi tiliniñ tüsındirmeli sözdıgı. 9-tom. Almaty: «Arys» baspasy,200.j.- 764 - bet.
5. Mürtaza Ş. Soğystıñ soñğy jesırı. Almaty: Atamūra,2003.-261 bet.
6. Qazaq ädebiatiniñ tarihy.10-tom. Almaty : «QazaQPARAT»baspasy, 2005j.-528bet

МРНТИ 17.09.91

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.52>

Кайранбаева Н.,¹Шадкам З.²

*^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ХАЗІРЕТ ӘЛИ ДАСТАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НҮСҚАЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада батырлық жырлардың дәстүрімен тікелей үндесіп, қалыптасып, қатар дамып келген қазақ дастандарының маңызды бөлігі болып табылатын діни дастандардағы Хазірет Әлидің соғыстары мен батырлық жырлары қарастырылады. Араб-парсы әдеби шығармалары арқылы қазақ әдебиетінде көрініс тапқан діни дастандардың қазақ халқына қонымды және түсінікті болу үшін оларды жырлаған қазақ ақындары мен жыраулары оларға қазақи реңк беріп отырған. Мақалада қазақ даласында кездесетін діни дастандардың ішінде Хазірет Әлидің батырлық жырларының мазмұндық, тарихи, тілдік тұрғыдан ерекшеліктерін мысалдармен қарастыруға тырыстық. Сонымен қатар Қазақстандағы Хазірет Әлидің батырлық жырларына шолу жасап, ХІХ-шы ғасырда шағатай тілінде проза түрінде жазылған “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” атты қолжазба дастанын сипаттап таныстыруды мақсат етіп отырмыз.

Түйін сөздер: Батырлық жырлар, діни дастандар, Хазірет Әли соғыстары, Қисса Салсал, Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан

Kairanbayeva N.,¹ Shadkam Z.²

*^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

VERSIONS OF HAZRAT ALI'S EPICS IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article examines the religious and heroic epics of Hazrat Ali, which constitute an important part of the Kazakh epic and are in direct harmony with the tradition of heroic poetry. Kazakh poets and zhyraus, who wrote religious epics in Kazakh literature through Arabic-Persian literary works, gave them a national shade to make them understandable and accessible to the local people. In the article, we tried to consider the semantic, historical, and linguistic features of the heroic dastans of Hazrat Ali among the religious epics found in the Kazakh steppes. Having made an overview of the heroic poems of Hazrat Ali in Kazakhstan, we also sought to present and describe the written manuscript "Kissa-i Djangname-i Risale-i Shah-i Mardan", written in prose in the Chagatai language in the 19th century.

Keywords: Heroic songs, religious epics, the wars of Hazrat Ali, Kissa Salsal, Kissa-i Djangname-i Risale-i Shah-i Mardan

Кайранбаева Н.,¹Шадкам З.²

^{1,2} *Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ВЕРСИИ ЭПОСОВ ХАЗРАТА АЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В данной статье рассматриваются религиозные и героические эпосы Хазрата Али, которые составляют важную часть казахского эпоса и находятся в прямой гармонии с традицией героических стихов. Казахские поэты и жырауы, воспевавшие религиозные эпосы, отраженные в казахской литературе через арабско-персидские литературные произведения, придали им казахский оттенок, чтобы сделать их понятными и доступными казахскому народу. В статье мы попытались рассмотреть смысловые, исторические и языковые особенности героических дастанов Хазрата Али среди религиозных эпосов, встречающихся в казахских степях. Сделав обзор героических поэм Хазрата Али в Казахстане, мы также стремились представить и описать рукописный эпос «Кисса-и Джангнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан», написанный прозой на чагатайском языке в 19 веке.

Ключевые слова: Героические песни, религиозные эпосы, войны Хазрата Али, Кисса Салсал, Кисса-и Джангнаме-и Рисале-и Шах-и Мардана

Кіріспе. Діни дастандар – Ислам дінін жайып, қарапайым халыққа дін үшін күрес жүргізген батырлардың әңгімелерін жеткізуге мақсатталған халық ауыз әдебиетінің бір жанры. Олар қазақ даласына XVIII ғасырда алғашқыда ауызша, кейін жазба түрде тарай бастады. Қазақ даласына діни нанымдарды тарату, ислами құндылықтарын қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиетіне енуі де осы діни дастандар арқылы іске асырылған болатын. Дінді қарапайым халыққа түсіндірген кезде дастандар мен батырлық жырлар арқылы жеткізген әдіс, әсіресе Кіші және Орталық Азияда, Иранда қатты таралды. Ауылдың үлкені-кішісі жиналып, жыршылардың әңгімелерін, батырлардың ұлт, ел, дін үшін күрестерін, жолда болған оқиғаларын тыңдаған.

Қарапайым халықтың рухани өміріне әсер ететін діни әңгімелері мен хикаялары баяғы заманнан айтылса да, олардың жазылып, дамуы XIX-ғасырдың екінші ширегінде ғана бастау алады. Оның өзінде кейбіреулері сақталмай, жерде көмілсе, кейбіреулері жоғалып кеткен. Т. Әлібек: “Ортағасырлардың өзінде Шығыс елдері әдебиеттерінің кейбір классикалық сюжеттері назиралық үлгіде жырлану үрдісі көптеген халықтарда кеңінен белең алған болса, осы бағыттың қазақ әдебиетіндегі көріністері тек XIX ғасырдың бас кезінде ғана байқалады [1, 4]” – деп көрсетеді. Оның айтуы бойынша қазақ халқының соңғы үш ғасыр аясында бастан кешірген тарихи, саяси-әлеуметтік ахуалдарымен біртұтас қарастырылуы тиіс. Үзіліссіз соғыстар, көшпенді өмір салтымен қатар, кейінгі саяси идеологиялар салдарынан қазақ халқының қолжазбалары бізге жете алмай жоғалып кеткен.

Қазақ әдебиетіне ерекше орын алатын қисса жанры XIX ғасырдың II жартысында дамыды. Қисса – деп қазақ фольклорына үлкен әсер еткен шығыс (араб-парсы) әдебиетінің сюжеттеріне құрылған, тарихи оқиғалы поэтикалық шығармаларды атайды. Қиссалардың басқа жанрлардан айырмашылығын Р. Сыздықова негізгі белгілерін көрсетеді:

- сюжетті, оқиғалы, көлемді шығарма болулары;
- тақырыбы мен сюжеті араб, парсы, түркі тілдерінде жарияланған үлгілерден алынғандықтары;
- тілдерінде, әсіресе грамматикалық тұлға-тәсілдерінде шағатайлық, ескі қазақтық жазба дәстүр элементтерінің қатысуы болып табылады;
- қисса жанрының жазба дүниелер екендігін атауға болады;
- «кітаби тіл» деген терминнің қазақ топырағында жасалу, таралу тарихының сыры ашылады [2, 221].

Аталмыш белгілерін негізге ала отырып, біздің қарастырып жатқан діни қиссалар мен дастандар мазмұны жағынан араб-парсы сюжеттерін алып тұрса да, олар қазақ даласында қисса жанрының туылып, ел ішінде таралып, ескі қазақтық жазба дәстүр элементтерін қатысқанын дәлелдеуге тырысамыз.

Әдістеме. Мақаланы жазу барысында жиналған деректерді салыстыру, талдау, қорытындылау және аударма тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Қазақ ауыз әдебиетінде сініп кеткен, бабалар жырлаған Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбай, Алпамыс сияқты қазақ батырларымен қатар, халқымызға исламның қаһармандары дастандар арқылы танылды. Жалпы діни мотивтегі шығармалардың басты мақсаты – қарапайым халыққа асыл дін Исламды таныту, дәріптеу, насихаттау үшін, қызықты шытырман оқиғаларын түсінікті көркем тіл арқылы жеткізу. Осындай діни шығармаларда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) уақиғалары, оның сахабалары мен ұрпақтарының дін үшін күрестері, жорықтары, өнегелі іс-әрекеттері, өсиет-насихаттары баяндалады. Олардың бірі – Пайғамбарымыздың күйеу баласы, төртінші әділетті халифі, діни дастандардың басты кейіпкерлердің бірі Әли (р.а.) мен оның жорықтары туралы жырлар мен дастандар.

Діни дастандар, соның ішінде Хазірет Әли туралы дастандар дүниенің түпкір түпкіріне жайылған. Осы дастандардың басым бөлігі Париж, Иран, Түркия, т.б. мемлекеттердің қорлары мен кітапханаларында сақталып

тұрса да әлі күнге дейін Хазірет Әлидің батырлық дастандары мен соғыстарының нұсқалары ел арасында табылып жатыр. Бір дастан кейде қара сөзбен, кейде өлең жолдарымен жырланған. Сондықтан олардың санын нақтылап айту мүмкін емес. Дегенмен Хазірет Әли туралы дастандары түп өзегінде ислам дінін таратуда адалдық, батылдық, мәрттік, жомарттық сияқты қасиеттерден ауытқымай түрленіп таралған.

Түркия мен Иран елдерінде көне қолжазбаларды зерттеу бұрыннан келе жатқан үрдіс болса, Қазақстанда ол өткен ғасырдан ғана бастау алады. Әрине ол саяси идеология мен тарихи оқиғаларға байланысты. Осыған Т.Әлібектің пікірінше, XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін халық мұрасын жинау, жүйелеу, зерттеу, жариялау шаралары біршама дұрыс жолға қойылғанмен, оларды толық хатқа түсіруге отаршыл Ресей Империясы мен Кеңес өкіметінің құйтыртқы саясаттары, цензураның қатал күзреті мүмкіндік бермеді. Назиралық шығармалар, әсіресе, діни сипаттағы поэзиялық туындылар, дастандар мен хикаят-эпсаналар саяси идеологияның, таптық көзқарастың шылауында қалып, алаланып жиналды. Жинала қалғанның өзінде ұзақ жылдар шаң қауып, еліміздің сирек қорларында жатып қалды [1, 5]. Ұзақ жылдар еліміздің сирек қорларында сақталып келген қолжазбаларға еліміздің ұлт санасын оятатын “Мәдени мұра”, “Рухан Жаңғыру” сияқты мемлекеттік бағдарламалар арқасында қол жеткізіліп, енді-енді ғылыми айналымға түсіруге жол беріліп жатыр.

Міне осындай ірі жұмыстарының бірі – Мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында М.Әуезов атындағы Өнер және Әдебиет институтының дайындап, жариялаған “Бабалар сөзі” атты жүз томдық басылым. Еңбектің басты мақсаты – халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару. Осы басылымның оныншы томнан бастап он бесінші томға дейінгі құрайтын бес том діни дастандарға арналған. Осы бес том өзімізде табылған, басқа елдерден алып келген көне қазақ тілінде, ортағасыр түркі тілінде (шағатай тілі) жазылған алпыс бес дастанның бірі – Хазіреті Әлидің батырлығы мен соғыстары туралы.

Хазірет Әлидің имандылығы, Ислам діні жолындағы жорық жолдарын жырлайтын хикаяларды М. Әуезов атындағы Өнер және әдебиет институты “Хазірет Әли” атты жеке жинақты шығарған.

Қазақстанда табылған немесе басылып шыққан Хазірет Әли дастандарын төмендегі кестеде көрсете аламыз (Кесте-1):

№	Дастанның аты	Жылы	Жазу стилі	Авторы
1	“Әзіреті Әлидің соғысы”	XIX ғ. аяғы	жыр /баспа	Қ.Бағдатұлы
2	“Қисса Салсал”	1879 ж.	жыр /баспа	М.Жұмашұлы
3	“Салсал”	XIX ғ. аяғы	-	Ә.Найманбаев
4	“Салсал”	XIX ғ. аяғы	-	Ж.Шайхысламұлы
5	“Қисса Хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны”	1913 ж.	жыр /баспа	Ж.Шайхысламұлы
6	“Қисса Хазірет Әлидің Шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы”		жыр /баспа	
7	“Хазірет Әлидің Жәнәділ шаһарына төбелескені”	1899 ж.	жыр /баспа	Қ.Шахимардан
8	“Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан”	шамамен 1908 жылы	проза / қара жазу	Белгісіз

1.Кесте. Қазақстандағы Хазірет Әли туралы дастандары

Аталмыш қолжазбалардың көбі қазіргі таңда Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасы мен Орталық Ғылыми Кітапханасының Қолжазба қоры, М.Әуезов атындағы Өнер және әдебиет институтының Қолжазба қоры, әл-Фраби Қазақ ұлттық университетінің “Әл-Фараби кітапханасы”-ның Сирек кітаптар қорында сақталанып тұр. М.Жұмашұлы, Қ.Бағдатұлы, Ж.Шайхысламұлы, Қ.Шахимардан, т.б. деген ақын-жыршылар аталмыш еңбектерді Омбы, Түмен аймақтарынан жинап, жүйелеп, кей тұстатарын өздерінше жырлап жариялаған.

“Қисса Салсал” дастаны дүниежүзіне жан-жаққа таралған. Алғашқы басылымы 1879 жылы болса, кейіннен 1883, 1888 жылдары жарық көрді. Шығарма бірнеше мәрте жарияланғанмен, кейінгі басылымдар бастапқы басылымды дәлме-дәл қайталап отырды, яғни олардың бәрі 1879 жылғы жарияланымның көшірмесі [4, 293]. Оның авторы – Жұмашұлы Мәулекей XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қиссашыл ақындарының бірі. Ел арасынан қисса-дастандарды жинап, өңдеп, редакциялап, Қазан қаласында жариялаған. М. Жұмашұлы “Сейітбаттал”, “Шейх Бұрқы”, “Қара түлік”, “Мінәжат”, “Қисса Салсал”, “Қисса Жұмжұма”, “Дариға қыз” атты кітап бастырды. Солардың ішінде ең ауқымдысы – “Қисса Салсал” дастаны. Оны “Ғазат Әли әл-Мұртаза” және “Жәмшид шаһқа баруға шыққандары” деп бөледі. Дастанда дін жолында соғысқан сахабалар мен әулиелердің (Сәдуақас, Әбілмәжін, Осман, Омар, Халид, Фатима, Мұсайып ғазы, Қанбар, Омар Баба т.б.) есімдерімен қатар, көптеген кәпір болып, кейін Ислам дінін қабылдаған не өлтірілген патшалардың (Қитар, Жәмшид, Фируз, Нәһар, т.б.), соғыстар мен шайқастардың өтілген жер мен қалалардың атаулары (Хиуаран, Уәлия, т.б.) кездеседі.

“Қисса Хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны” мен “Қисса Хазірет Әлидің Шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы” атты дастандарды жариялаған ақын – Жүсіп Шайхысламұлы. Еңбектер Қазан қаласынан табылып, біздің еліміздің сирек қолжазба қорында сақталып тұр. “Хазірет Әлидің Жәнәділ шаһарында төбелескені” атты дастан да Қазан қаласында М.А.Чирков балаларының баспаханасынан табылды. Авторы – Қ.Шахимардан. Бұл

дастан Ш.Каримовтардың қаражатымен 1899 жылы баспадан шығарылды. Аталмыш қиссаның өзге нұсқалары немесе қайталанып басылған көшірмелері кездеспеді [4, 294].

“Әзіреті Әлидің соғысы” дастанының жырлаушысы – Қыпшақбай Бағдатұлы. XIX ғасырдың аяғында Омбы облысында өмір сүрген қиссашы. Ол Бұхара қаласында білім алып, парсы-араб тілдерін жетік меңгерген, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жүрген насихаттаушы Шорман Білтебайұғлы деген молдадан бұл хикаяны тыңдап жазды. Хикая Сәдуақас сахабаның өз баласын сүндетке отырғызу тойына шақырудан басталады. Сәдуақастың тойына сыйлық іздеуге кеткен Әли төрт жылдан кейін оралады. Барған патшалардың дін қабылдауын, кәпірлермен күрескенін, ең соңында олжалы қайтуын баяндайды. Дастанда Уәлия қаласы, Сүлеймен пайғамбар кезінен қалған қалалары жайлы сөз қозғалып, Қаққа патша, Мұхсин батыр, Жамнұн атты есімдер де кездеседі. Дастанда басқа да діни шығармалар сияқты имандылық, адалдық, достық тақырыптары көрініс табады. Аталған еңбек Ш.128 нөмерімен ӘӨИ-дің (М.Әуезов атындағы өнер және әдебиет институты) қолжазба қорында сақтаулы тұр [4, 293].

“Қисса Хазірет Әлидің Сараңбайды жолға салғаны” атты дастанын қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, бастырып таратушы, насихаттаушы әйгілі ақын Жүсіпбек Шайхисламұлы (1937-1857) жазып, Қазан қаласында 1913 жыл бастырды. “Қисса Хазірет Әлидің Шаһ Барбарға құл болып сатылғаны туралы” дастан Қазан қаласындағы М.А.Чирков бабаларының баспаханасында 1896, 1901, 1907, 1916 жылдары және 1913 жылы Университет баспаханасында жарық көрді. Бұл жарияланымдарының барлығы ОҒК-ның (Орталық Ғылыми Кітапхана) Қолжазба қорында сақтаулы. [4, 293].

“Салсалнаме”, “Қисса Салсал”, “Салсал”, т.б. атаулармен шыққан дастандардың нақты санын айтуға қиын. Дегенмен М.Әбдуовтың зерттеулері бойынша діни жырлаушылардың бірі Ә. Найманбаевтің “Салсал” атты дастанын жырлағандығын [5, 99] білуге болады.

Көне қазақ тілінде жазылған қолжазбалар мен кітаптар, соның ішінде біздің зерттеп жатқан Хазірет Әлидің соғыстары туралы қолжазбалар қазақ даласында таралып, қазіргі таңда зерттеліп, жүйелеп жатыр. ӘӨИ-дің Қолжазба сирек қорында сақталған, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жадындағы «Әл-Фараби кітапханасы»-ның Сирек кітап қорында сақталған Хазірет Әлидің соғыстары туралы қолжазбалар сақталуда. Дегенмен, елімізде табылған нұсқаларының санын нақты айта алмаймыз. Оның басты себебі профессор Б.Әзібаеваның айтуы бойынша “Назира рухында жырланған қазақтың ақын-жыраулары мен жыршылары шығыс сюжеттерін пайдалана отырып, көптеген дастандары дүниеге әкелді. Сонымен қатар, олар әр түрлі тәсіл қолданды. Біреулер түпнұсқаға толығымен сүйеніп, одан алшақтамаса, екіншілері шығыс дастандарының бірнеше варианттарымен танысып, өзіндік нұсқа жасаған, ал тағы біреулері шығыс сюжетінің желісін ғана, жалпы схемасын ғана сақтап мүлде жаңаша дүние туғызып отырған [6, 7]” деген пікірге толық қосыламыз.

Қазақ фольклортанудың зерттеуші ғалымы Б.Әзібаева діни дастандарын төрт топқа (ислам тыйым салған іс-әрекеттер туралы дастандар; мұсылман батырлары туралы дастандар; исламды тарату жолындағы дінсіздермен соғыс туралы дастандар; мұсылманшылықтың жолы) жүйеледі [6, 32]. Біздің жырларда мазмұны жағынан сахабалардың кәпірлермен соғысқаны, кәпірлердің иманға келуі туралы басым болғандықтан “дінсіздермен соғыс туралы дастандарына” жатқызылатыны сөзсіз.

XIX ғасырда түркі халықтарының шығармаларын баспадан шығарған Қазан қаласындағы баспаханы еді. Сол қаланың кітапханасында табылып, қазіргі уақытта Алматы қаласындағы Сирек қорлар орталықтарында сақталған қолжазбаларында ұлттық, немесе сол дәуірдің саяси мәселелеріне тән элементтерді байқауға болады. Шығыс дастандарда кездесетін қазақ ұлтына тиесілі элементтер жайлы пікір айтылды. “Шығыс сюжеттері қазақ халық ауыз әдебиет шығармашылығының арнасында жырланды. Сондықтан қазақ эпикалық дәстүрі өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Нақты айтқанда, халықтың эпикалық дәстүрінің ықпалы күшті болды. Сол себептен жырланып отырған дастандар өрнегі қазақ фольклорының элементтері де қоса тоқылды. Бұл шығармалар көбінесе ауызша айтылып жүрді және жыршылар дастандарды қазақтың төл шығармаларымен қатар айтып отырды. Шығыс дастандарының ақындық стильдік ерекшеліктерін қазақ фольклорының элементтерімен, стилімен баяндау мәнерімен жақындастырудың тағы бір жолы [7, 7].”

“Қисса Салсал” мен “Әзірет Әлидің соғысы” атты дастандарына көз жүгіртсек, қазақ даласына өзіндік элементтерімен жырланғанын байқауға болады. Тіпті М. Жұмашұлының жырлаған дастанының бастауы да, басқа жыршылар бірнеше шумағын Аллаһ атымен дәріптесе, Орта Азияға тән бірден өзінді таныстырып кетеді:

Әуелде жад етемін Тәңірім атын,
Сұрасаң, Мәулекей-дүр – менің атым.
Түмен менен Омбы арасында,
Еш адамнан кем емес салтанатым [4, 9].

Шығыс дастандарында жырланған қазақ халқына тән теңеулер мен етістіктер, ұлттық нақыштағы символдар немесе қазақтың дәстүріне сай әрекеттерді байқауға болады. Мысалы, автор мұсылман батырларын түркі халықтарының символы “бөрі”-мен теңеуін алсақ:

Кәпірлер – қой, бұлар қырды аш бөрідей,
Кәпірлер – қамыс, бұлар – от секілді [4, 32].

Тағы бір жерде автор сол дәуірдің саяси идеологиясына байланысты кәпірлерді «орыс»-тармен салыстырады:

Он екі мың ләшкердің бәрі де орыс,
Кәпір өскен жер екен, қылып қуаныш.

Қазақтың ұлттық аспаптарын да дастандарда кездестіруге болады:

Өлеңші домбырасын тартып отыр,
Ер Әлиді көп мақтап айтып отыр.
Арыслан мұны естіп тыңдап тұрды,
Батырға уайымды артып отыр [4, 227].

- деп жырланса, тағы бір жерде кәпірлердің Қитар патшалағында «домбыра, сырнай, кобыз» («Қисса Салсал»-дың 303 тармағында) тартып отырғанын жырлайды.

Қазақ халқына тән қасиетті жеті санын дастандарда көп кездестіруге болады.

Шақырған соң жетіп келді Омар Бабаң,
Жеті пайғамбарға қызмет қылған тамам.
Жеті пайғамбардан жеті түрлі үлес алған,
Баба Омар айтайын жайын саған.

Күллі мұсылмандардың діни мейрамдарымен қатар, Мәулекей жыраушы түркі халықтарына ортақ көктемнің Өз-наурыз мейрамын да өз дастандарында келесідей жырлайды:

Қуанып Лат, Манатты жад қылады,
Айт, наурыз келгендей шаттанады.
Шаттыққа толғаннан Жәмшид патша,
Қуаныш барабанын қақтырады.

Наурыз мейрамының шығу тегіне байланысты әлі толық зерттелмеген. Дегенмен сол дәуірдің пайымдауы бойынша бұл мереке түркі халықтарына ортақ «жаңа жыл» мерекесі болып саналады.


М.Жұмашұлы қазақ даласының Ресей Патшалығының қоластында болғандықтан кейбір тұстарында орыс тілінің қоса жырлағанын 2743-ші тармағында байқауға болады:

Мәлікаждарды сөгеді Жәмшид патша,
“Келгенде “здрости!” демедің”, - деп [4, 95].

Дастанның соңғы шумағында орысша сөздерді қоса отырып, дастанның 1879 жылы жазылғанын баяндады:

Болды мың сегіз жүз жетпіс тоғыз
Май числоға болды ғой тамам отыз [4, 208].

Хазірет Әли соғыстарын суреттейтін, Қазақстанда алғаш рет зерттеліп жатқан тағы бір нұсқасы – “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” дастаны. Қолжазба “Әл-Фараби кітапханасы”-ның Сирек кітаптар қорында 261-ші нөмерімен сақталып тұр. Үш жүз парақтан (600 беттен) тұратын “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” дастан кітабының «92а» парағынан бастау алады [8, 92а]:



Дастанның өзі 260 парақтан, яғни 520 беттен тұрады. Қолжазба ортағасыр түркі тілінде (шағатай тілі), қарапайым ауызекі тілімен, араб графикасымен (яғни талиқ жазуымен) жазылған. Авторы белгісіз. Қолжазбаның жазылған мерзімі де белгісіз. Дегенмен мәтіннің соңғы бетінде һижра күнтізбесімен 1324 жылы (шамамен ХХ-шы ғасырдың басы) жазылған.


Қолжазба атауының семантикасына тоқтайтын болсақ, “қисса” сөзі араб тілінен “әңгіме”, “тарих” деген мағынаны білдіреді. Өткен ғасырда қисса сөзі – «кітап өлеңдер», жалпы «кітап болып басылған дүниелер» дегенді білдірген, бұл кезде аталған әдебиет жанры, мазмұны, идеологиясы, авторлы, авторсызы, тілі, пайда болған уақыты, адресаты жағынан ажыратылмаған [2, 221]. «Джанкнаме» сөзі парсы тілінен аударғанда «соғыс туралы хат немесе жазба» дегенді білдіріп тұр. “Рисале” رساله “ сөзі араб тілінен аударғанда «хат, жазба» мағынасын қайталағандықтан, бұл сөз артық тұрған сияқты. “Шаһ-и Мардан” парсы тілінен алынған сөз тіркесінің мағынасы “жігіттердің патшасы”. Ол – Хазірет Әлидің (р.а.) лақап аттарының бірі.

Қолжазбада парсы тілінен кірме сөздер, теңеулер, шылаулар, қару-жарақ атаулары жиі кездеседі. Мәтін ішінде парсы, араб тілінің сөздері, тілдік элементтері, теңеулер көп кездеседі. Әсіресе тәуелдік жалғаулар мен сөз тіркестерінде байқаймыз.

“Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” қолжазбасын екі жақтан қарастыруға болады. Ең алдымен, ол – Хазірет Әлидің соғыстары мен Ислам дінін тарату мақсатында жорықтарының бірден соң бірі жалғасып жатқан діни әңгімелер жинағы. Қолжазбада кездескен сахабалардың есімдері, діни-ислами рәсімдері, намаз уақыттары, кәпірлермен шайқастары, Құран аяттары, дұғалар, мұсылмандардың соғысқан елді мекен атаулары, т.б. діни оқиғаларды зерттеуде дерек ретінде қарастыруға болады. Екінші жағынан, “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” қолжазбасы – фольклор және әдеби жанр ретінде мифологиялық шығарма. Хазірет Әлидің Пайғамбарымыздың (с.а.с.) күйеу баласы мен төрт халифаның бірі болуымен қатар, батырлығы мен ерлігі, Ислам үшін басынан өткізген оқиғалары, соғыстары ел аузында таралып, діни дастандарда оны мифологиялық ғажайып кейіпкер ретінде сипатталады. Мысал ретінде, Хазірет Әлидің екі басты айдаһармен шайқасуы, өзінің “зүлфиқар” атты қылышымен бір ұрғанда мың әскерді талқандауы, “Дүл-дүл” атты таңғажайып ақылды жылқысының дұшпандарға жеке тойтарыс беруі, оның мың шақырымдық жерден бір мезетте жетуі, т.б. [9, 177].

Діни оқиғалармен қатар, қолжазбада ономастикалық және топонимикалық атауларға толы. Дастандағы соғыс әрекеттерінің бәрі Иран мен Орта Азия аумағында орын табады. Шығармада соғыс жерлері, қоныстары, мекен атауларынан кездесетін Науадир, Хиуаран, Хауарзамин, Сейілзамин, Һажун, Қарбала даласы, Аһанрубә тауы, Харазм (Хорезм) сияқты топонимдік жер-қала атаулары дәлел бола алады. Кәпірлердің есімдерінен Қатара-уль Айн, Шемер, Науафель, Фирузи шах, Масқара, Жәмшід-шаһ, Шахи-Хуаран, Самандар палуан, т.б. адамдардың есімдерін байқауға болады. Мысалы, Садуақас, Абуль Муаджан (Әбілмәжін), Қамбар баба, Амир Мусибат қазы, Хасани Рыза, Имам-Хусейн, Жәбрейіл (а.с.), Мәлікәждар, Сахиб-қыран, Мелеке-и Деляфруз, т.б. сияқты кейбір Ислам үшін күрескен мұсылмандардың есімдерін кездестіруге болады. Кәпірлердің есімдерінен Қатара-уль Айн (Қитар), Шемер, Науафель, Фирузи шах, Масқара, Жәмшішаһ, Шахи-Хуаран, Самандар палуан, т.б. адамдардың есімдерін байқауға болады. Тіпті кейіпкерлердің есімдер арқылы парсы мәдениетінің мифологиялық әдебиетінің ықпалын байқаймыз. Мәселен, Рүстем Жәмшид сияқты кейіпкерлер біздің заманымызға дейінгі өмір сүрген Иранның аңыз-әңгімелерінде кездесетін тұлғалар. Сонымен қатар, соғыста қолданылатын “зүлфиқар”, “амуд керан”, тир, найза, қалқан, шоқпар сияқты қару-жарақтардың да атаулары берілген.

“Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” қолжазбасы М. Жұмашұлының өзінше жырлаған жерлері мен қазақ халықнама сай элементтерін қоспағанда, “Қисса Салсал”-дың мазмұнына ұқсас келеді, тіпті оның жырмен жазылған бір нұсқасы деп айтуға болады. Екі еңбектегі ерекшеліктерінің бірі де осы. Алғашқысы прозамен жазылса, екіншісі дәл сол нұсқаның өлең-жырмен жазылған варианты. Екі дастанның басталуы Пайғамбардың (с.а.с.) киік мысалға келтірсек болады. “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” нұсқасында Пайғамбарымыз (с.а.с.) намаз қылып, батикасын оқығаннан кейін, киік етін жегісі келгенін хабарлайды [8, 92b]:



“Бүгін көңлүм киік гүшти / Тилидүр кимдүр маңа киік алыб...”

“Қисса Салсал” жырында Мәдина қаласында бір күні Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) Әбубәкір, Омар, Осман, Әли, азаншы Біләлменен отыз үш сахабасымен бірге намаз оқып отырды деп басталады. Жырдың 165 тармағында былай делінген:

- Жарандар тыңдап отыр айтқан сөзім,
Аз-маз сөз алып жүрсен өсиетім.
Кім қылар осы айтқан бір қызметім,
Көңіліміз тілеп отыр киік етін.

Хазірет Әли туралы хикаялары мен дастандары әр елде әртүрлі болып берілген. Мысалы, Түркияда осындай діни әңгімелерді “сиер” деп атаса, Иранда оны “Джангһайе Хазіреті Әли, Сиер-е Хазіреті Әли, Ғазават-е Хазіреті Әли” деп те атайды.

Түркияның түркітанушылары Хазірет Әлидің соғыстары туралы жазбаларды тауып, зерттеп жатыр. Мысалы, түрік тарихшысы Р. Салук түрік деректерінде Хазірет Әлиге қатысты жиырма екі батырлық дастандары

(джанкнамалары) белгілі екендігін айтады [10], Соған қоса И.Четин [10], О.Айқач [12], А.Өзтүрік [13], М.Аталан [14], Н.Ильхан [15], т.б. түркітанушылардың еңбектерін мен мақалаларын атауға болады.

Қорытынды. Қазақ даласында табылған аңыз-дастандардың, хикаялардың, діни-батырлық жырлардың ауыз әдебиеті болғандықтан, оның нақты қай уақытта, қай елде айтуға қиын. Дегенмен Ислам тарихында нақты із қалдырған оқиғалар желісі арқылы анықтауға мүмкіндік береді. “Қисса Салсал”, “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан”, “Әли туралы соғыс” сияқты дастан, жырлардағы кездестірген топонимикалық атауларды (жер, су, тау, қала, құдық атаулары) пайдалана отырып, Ислам діні мен тарихын зерттеген теологтардың еңбектерімен салыстыруға болады. Екінші мәселе – қолымыздағы “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” дастаны мен “Қисса Салсал” жырларының басталуы, үрбейтін оқиғалар желісі мен кейіпкерлердің есімдері, топонимикалық және ономастикалық атаулары сәйкес келгенмен де, дастандардың атаулары әртүрлі болғанын анықталуы керек. Үшінші мәселе, Ислам әлеміне әйгілі болған “Қисса Салсал” (немесе “Салсалнаме”) жыр әлемнің басқа елдерінде (Иран, Ирак, Өзбекстан, Париж) табылған қолжазбалардың түпнұсқасын алып, тарихи оқиғаларды ғана емес, лингвотекстологияға қатысты тілдік ерекшеліктерді анықтап, салыстырмалық жұмыс жасалуы керек.

Қорыта келгенде, Қазақ даласындағы діни дастандарына қысқаша мәлімет бере отырып, оның ішінде Хазірет Әли соғыстары туралы дастандарының Қазақстандағы нұсқалары мен біздің қолымыздағы әлі зерттелмеген нұсқасына тоқталдық. Зерттеуіміздің келесідей нәтижелерге қол жеткіздік:

1) Еліміздің басқа да сирек қорларында сақталып жүрген қолжазбаларды түркітанушылар тарапынан зерттелуіне қажеттілігі туындалып жатыр. Солардың ішінде тілдік жағынан, әдебиет жағынан, тарих жағынан болсын дастандарды зерттеу әлі де маңызды;

2) тілдік жағынан зерттеулердің қажеттілігі мен маңыздылығын көрсетуге тырыстық;

3) араб-парсы әдебиетінің жанрларын Орталық Азияның әдебиетіне үлкен ықпалын тигізсе де, сол заманның жыршылары мен жыраулары қазақ элементтерді қоса отырып, оны “қазақиландырып” алуы, стилін өзгеруі; біздің “Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шаһ-и Мардан” атты дастан прозамен жазылған оның бір көрсеткіші. Демек, Хазірет Әлидің дастандары Орталық Азияда әрі жыр, әрі қисса түрінде таралған.

4) XX ғасырдағы қолжазбалар мен тарихи жанрларды зерттеу қазақ тілінің тарихи зерттеулеріне мүмкіндік туғызады. Дастандардағы ұмытылып кеткен, қолданыстан азайып кеткен кейбір сөздер мен тілдік элементтерді көруге болады. Сондықтан тілдің даму тарихын зерттеген кезде осы мәтіндер болашақ түркітанушылар үшін зерттеу нысаны бола алады деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Хазірет Әли. Діни дастандар.* – Алматы, 2015. – 432 б. – кітап
- 2 *Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)* – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 320б. – кітап
- 3 *Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Оқулық, 4-басылуы.* – Алматы: «Санай», 1996. – 368 б. – кітап
- 4 *Бабалар сөзі: Жүз томдық.* – Дін дастандар. – Астана: «Фолиант», 2005. – 344б. – кітап
- 5 *Әбдуов М.І. Діни эпостың жариялануы және зерттелуі. Қарағанды университетінің хабаршысы, Филол. сер. – №3(55). –97-104 б., 2009, Қарағанды – мақала*
- 6 *Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос.* – Алматы: Ғылым, 1998. – 250 с.- книга
- 7 *Қазақ халық әдебиеті. Дастандар. Көп томдық (ҚазССР Ғылым акад. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты.)* – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 б. – кітап
- 8 *«Қисса-и Джанкнамалар-и Рисале-и Шаһ-и Мардан.* – Әл-Фараби кітапханасы. Сирек кітаптар қорында сақтаулы: Ш.261., араб әрпінде. – қолжазба
- 9 *Қайранбаева Н. Шағатай тілінде «Қисса-и Джанкнамалар-и Рисале-и Шаһ-и Мардан» қолжазбасының сипаттамасы. «Орталық азия елдерінің араб әлемімен тіл, тарих және мәдениет салаларындағы байланысы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Алматы, 2019. – мақала.*
- 10 *Saluk R. G. Hz. Ali Cenknâmeleri ve Bir metin: “Esed ile Şah-i Merdan Cengi” Türk Kültürü ve Hacı Bektaşiveli Araştırmaları dergisi Bahar. 2018/Sayı 85. S. 71-85. – мақала*
- 11 *Çetin İ. Tursun Fakih (Hayatı-Edebo Şahsiyeti-Mesnevoleri), Ankara: İLESAM Yayınları, 2002. – кітап*
- 12 *Ауқас О. “Hz. Ali –İfrit Cenginin Yeni Bir Nüshası” Alevilik-Bektaşilik Araştırmaları Dergisi /sayı 15, 2017. – мақала*
- 13 *Öztürk A. Bilinmeyen bir Hz. Ali Cenknâmesi. Iv. Uluslararası Alevilik Ve Bektaşilik Sempozyumu (18-20 ekim 2018 ankara) bildiriler kitabı. 309-331 sayfa. – мақала*
- 14 *Atalan M. Türk Kültüründe Hz. Ali Cenknâmeleri. Mezhep Araştırmaları, I/2 (Güz 2008), ss. 7-27. – мақала*
- 15 *Ilhan N. Oğuz Türkçesi Metinlerinden Salsal-Nâme'nin Paris Nüshası. Turkish Studies - Language and Literature. Volume 14 Issue 4, 2019. ss. 1907-1924 – мақала.*

References:

1. *Haziret Âli. Dini dastandar.* – Almaty, 2015. – 432 b. – kitap
2. *Syzdyqova R. Qazaq ädebi tılınñ tarihy (HV-XIX ғасырлар)* – Almaty: «Ана тілі», 1993. – 320b. – kitap
3. *Ğabdullin M. Qazaq halqynyñ ауыз ädebieti. Oqulyq, 4-basyluy.* – Almaty: «Sanai», 1996. – 368 b. – kitap
4. *Babalar sözi: Jüz tomdyq.* – Dın dastandar. – Astana: «Foliant», 2005. – 344b. – kitap
5. *Äbdouov M.I. Dini epostyñ jarialanuy jäne zerttelu. Qarağandy universitetiniñ habarşysy, Filol. ser. – №3(55). –97-104 b., 2009, Qarağandy – maqala*

6. Azibaeva B.U. *Kazahski dastannyi epos*. – Almaty: Ğylym, 1998. – 250 s.- kniga
7. *Qazaq halyq әdebiyeti. Dastandar. Köp tomdyq (QazSSR Ğylym akad. M.O.Äuezov atyndaғы Әdebiyet және öner in-ty.)* – Almaty: Jazuşy, 1990. – 304 b. – kitap
8. «Qissa-i Janknamalar-i Risale-i Şah-i Mardan». – *Äl-Farabi kitapphanasy. Sirek kitaplar qorynda saqtauly: Ş.261., arab әrpinde*. – qoljazba
9. Kairanbaeva N. Şağatai tilinde «Qissa-i Janknamalar-i Risale-i Şah-i Mardan» qoljazbasynyñ sipattamasy. «Ortalyq azia elderiniñ arab әlemimen til, tarih және мәdeniet salalaryndaғы bailanysy» atty halyqaralyq ğylymi-praktikalyq konferensiasy. Almaty, 2019. – maqala.
10. Saluk R. G. Hz. Ali Cenknâmeleri ve Bir metin: “Esed ile Şah-i Merdan Cengi” Türk Kültürü ve Hacı Bektaşiveli Araştırmaları dergisi Bahar. 2018/Sayı 85. S. 71-85. – maqala
11. Çetin İ. Tursun Fakih (Hayati-Edebo Şahsiyeti-Mesnevoleri), Ankara: İLESAM Yayınları, 2002. – kitap
12. Aykaç O. “Hz. Ali –İfrit Cenginin Yeni Bir Nüshası” Alevilik-Bektaşilik Araştırmaları Dergisi /sayı 15, 2017. – maqala
13. Öztürk A. Bilinmeyen bir Hz. Ali Cenknâmesi. Iv. Uluslararası Alevilik Ve Bektaşilik Sempozyumu (18-20 ekim 2018 ankara) bildiriler kitabı. 309-331 sayfa. – maqala
14. Atalan M. Türk Kültüründe Hz. Ali Cenknâmeleri. Mezhep Araştırmaları, I/2 (Güz 2008), ss. 7-27. – maqala
15. İlhan N. Oğuz Türkçesi Metinlerinden Salsal-Nâme'nin Paris Nüshası. Turkish Studies - Language and Literature. Volume 14 Issue 4, 2019. ss. 1907-1924 – maqala

МРНТИ 17.82.10

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.53>

Кемелбаева А. Ж.¹

¹ҚР Ұлттық музейі,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ТҰМАР. СҰҚ КӨЗДЕН ҚОРҒАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 12 сәуір 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлт жадының тұғырнамасы және жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ретінде ұлттық кодты сақтай білу туралы нақты айтты: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды».

Есте жоқ көне замандардан бері жер бетін мекендеген әр тайпа, әр ұлыс, әр халықтың өзіне тән ырым-тыйымдары және тұтас әулетті қорғап сақтайды деп сенетін киелі заттары болды. Рухани дүниенің қасиетін адамдар ертеден білген.

Тұмар тағу көне – түркілік дәстүр. Тіл-көз, сұқ көзден қорғайтын қасиеті бар тұмар және адам баласына теріс әсері тиетін энергетикалық қара күштердің әсерін бейнелейтін жыр шумақтары қазақ әдебиетінде мол кездеседі. Мақала осы тақырыпты тереңнен қозғайды. Ақындар киелі бейнелер арқылы туған жеріне, отанына, сүйген жарына махаббатын бейнелеп, киелі заттардың тылсым қасиетін дәріптейді.

Түйін сөздер: тұмар, бойтұмар, тіл-көз, сұқ көзден қорғану, киелі заттар, халық, сағыныш, поэзия

Kemelbayeva A. ¹

¹ National Museum of the Republic of Kazakhstan,
Nur-Sultan, Kazakhstan

AMULET. PROTECTION FROM THE EVIL EYE AND ITS REFLECTION IN THE LITERATURE

Abstract

Within the framework of the state programme of the First President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev "Look into the future: modernization of public consciousness" the project "Spiritual Shrines of Kazakhstan" ("Sacred Geography") was created, which included a solid list of the most revered monuments of natural heritage. Within the framework of the project cultural-historical research of nationwide sacred objects is regularly conducted. In addition, it includes the studies of ethnology, religious aspects, worldviews, traditions and spiritual values of the Kazakh people.